

Наурыз мейрамы

Наурыз мерекесі – бүкіл Шығыс халықтарына ортақ ежелден келе жатқан өзіндік дәстүрі бар шаралардың бірі. Кеңестік билік тұсында бұл мерекені діни сипаттағы дәстүрлерге жатқызып, атап өтуге тыйым салған болатын. 1980-ші жылдардың соңында еліміздегі демократиялық өзгерістердің лебімен қайта қалпына келтірілген дәстүрімізге айналды.

Наурыз – ұлтына, дініне қарамастан, барша жұртты ұйыстыратын жалпыұлттық мейрам. Бұл мереке халқымызды береке-бірлік пен ортақ мүддеге жұмылдырады. Біз әрдайым қиын сәтте бір-бірімізге қол ұшын созып, қолдау көрсетуге дайынбыз.

Сондықтан бұл мерекенің қазақ халқы үшін де маңызы мен алар орны ерекше екендігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Наурыз мейрамын мерекелеу тұжырымдамасын әзірлеуді және көктемгі мерекенің мазмұнын байытуды тапсырған болатын. Осыған байланысты Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты 14-23 наурыз аралығында республикалық және өңірлік көлемде өтетін Наурыз-мейрамын мерекелеудің бірегей тұжырымдамасын жасады. Әрбір күннің атауларының ерекшелігін және маңыз-



**Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ,
Ы. Алтынсарин атындағы
Арқалық педагогикалық
институтының
Басқарма Төрағасы – ректор**

дылығын ескере отырып, әрбір күнге арналған тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер, аға буын өкілдерімен кездесулер, вебинар, фото-байқау, жарыстар, мерекелік кештер мен жергілікті газетке мақала беру сияқты іс-шаралар жоспарланған және көрсетілген уақытында өтіп жатыр.

Наурыз – бұл жыл басы. Игі тілектердің, жылы лебіздердің, барлық істерге кешіріммен қарайтын, адамгершілік қасиеттердің тоғысқан кезі.

Сондықтан қала тұрғындарын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке мен толайым табыс тілеймін! Әз-Наурыз әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін! Ұлыс оң, ақ мол болсын!